

Қоғамдық ұйым ретінде іргетасы қаланған бастауыш мектебі
..... мекенжайы бойынша орналасқан

ҰЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРІ

МЕКТЕП ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері

Оқушылардың мынадай құқықтары бар:

- білім алу, бойындағы дарынына қарай тұлғалық қасиеттерін, зияткерлік және физикалық мүмкіндіктерін дамыту;
- әдептілік қағидаларына қайшы келмейтіндей мектептегі барлық іс-шараларға қатысты көзқарасы мен пікірін ашық білдіру; бұндай көзқарас тиісті түрде жеткізілуі керек және баланың көзқарасына қатысты тиісті шаралар қолданылуы тиіс;
- шыдамсыздық, өшпенділік және зорлық-зомбылық әрекеттерінен қорғалу;
- әлеуметтік тұрғыда патологиялық феномендерден қорғалу;
- денсаулыққа зиян келмейтін ортада білім алу;
- демалу және бос уақытын пайдалану;
- алған білімінің жетістігі және нәтижелері туралы ақпарат алу;
- білім алуға қатысты мәселелерде мектеп қызметкерлерінен консультациялық көмек алу;
- мектептің кез келген қызметкерінен көмек немесе кеңес сұрау (бала қандай да бір ыңғайсыздыққа немесе қиындыққа тап болса);
- оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқару ұйымдарын құру, осындай ұйымдарға дауыс беру немесе сайлауға түсу, жұмыс істеу және сондай мәселелерге байланысты мектеп директорына жүгіну, директор осындай өзін-өзі басқару ұйымдарының ойлары мен пікірлерін тиісті деңгейде қарастыруға міндетті.

Оқушылардың міндеті:

- мектеп ережелеріне, әсіресе техникалық сыныптардың ережелеріне, мектептегі клуб ережелеріне және мектеп асханасының ережелеріне, денсаулық сақтауға және қауіпсіздікке қатысты қағидалар мен нұсқауларға, мектепшілік қана емес, мектеп ғимараттарынан тыс өтетін мектептің іс-шараларының барлығында (мысалы, тренинг семинарлары, экскурсия, саяхаттау, спорттық іс-шаралар, жарыстар, олимпиада және т.б.) ережелерге бағыну;
- мектепке немесе мектеп курстарына тиісті түрде қатысу және дұрыс оқу;
- оқу бөлімінің қызметкерлері мен мектептегі басқа қызметкерлердің нұсқауларын орындау;
- қандай да бір жолмен сыныптағы оқу курсына кедергі жасамау, ал егер мектеп ережелері өрескел бұзылатын болса, оқушы жеке оқытылуы мүмкін;
- оқулықтарды және мектеп жабдықтарын күтіп ұстау, оларды орнына қою, сыныпты және мектептің басқа аймақтарын таза ұстау, мектептің мүлкіне зақым келтірмеу;

- сыныптастарының заттарына зиян келтірмеу, мінез-құлық қағидаларын бұзбау (студенттің өз сыныптастарына, мектеп қызметкерлеріне бейәдеп сөз сөйлеуі және физикалық тұрғыда шабуыл жасауы міндеттерді өрескел бұзу болып табылады, ондай жағдайда оқушының тәртібіне қойылатын баға төмендейді);
- қорлау, интернет арқылы үркіту, дискриминация және басқа да әлеуметтік патологиялық жағдайларды мұғалімге немесе мектеп басшылығына хабарлау немесе олардың алдын алу;
- оқу кестесіне сәйкес сол күнгі мұғалімдер талап еткен оқулықтарды, мектеп жабдықтарын және керек-жарақтарды өзімен алып жүру;
- Мектепке сабаққа қатысы жоқ және балалар мен жасөспірімдердің жарақаттануына себеп болатын, денсаулығына немесе моральдық тәрбиесіне қауіп төндіретін заттарды (мысалы, ұялы телефон, планшет, портативті электрондық құрылғылар, қолшамдар, фейерверк т.б.) алып келмеу, құнды заттар, көп мөлшерде ақша сияқты мектептің білім беру бағдарламасына қатысы жоқ заттар алып келмеу. Оқушының заңды өкілі оған ұялы телефонды, басқа да байланыс немесе жазу құрылғыларын (бұл құжатта “жеке заттар” деп аталады) ұстап жүруге рұқсат етсе, оқушылар жеке заттарын өшіріп, сөмкесінде сақтауы керек;
- оқушылар өздеріне тиесілі жеке заттарды шкафқа салып, олардың есігін тиісінше құлыптауы керек. Егер жеке шкафтары дұрыс құлыпталмаса, оқушылар жеке заттарын тиісті түрде қадағалай алу үшін, оларды шкафтарына салып қоюы керек. Оқушы құнды заттарын немесе көп мөлшердегі ақшасын мектеп секретариатына тапсыруына болады.
- сабаққа қатысы жоқ жоғалған жеке заттарға мектеп жауапты емес және оқушылардың жеке заттары жоғалса, зақымдалса немесе ұрланса, заңды өкіл сақтандыру компаниясына немесе құқық қорғау органдарына жүгінуі керек;
- егер оқушы сабақ кезінде жеке заттарды пайдалануға тыйым салатын ережелерді бұзатын болса, ол мектеп қызметкерінің талабы бойынша байланыс құрылғысын дереу өшіріп, оны мектеп қызметкерінің үстеліне әкеліп беруі керек. сабақ біткеннен кейін мұғалім оқушының затын қайтарып береді және оқушы оны сөмкесіне салып қоюы керек;
- мектеп қызметкерлерінің нұсқауларын орындамау мектеп ережелерін өрескел бұзғандық болып саналады, себебі Білім беру заңына сәйкес оқушы нормативтік актілердің және Мектеп ережелерінің немесе мектептің ішкі ережелерінің негізінде мектеп қызметкерлерінің нұсқауларына мойынсұнуы міндетті. Мұғалім ондай жағдайды оқушының күнделігіне жазып, оның заңды өкілдеріне ашық (телефон, электрондық пошта арқылы) хабарлайды. Осы ережелер бұзылған жағдайда және мектеп қызметкерлерінің нұсқауларын орындамаған жағдайда, Мектеп ережелеріне сәйкес шешім қабылданады;
- ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданғанда, оқушылар жауапкершілікті сезінуі керек, мектепке қатысты дерек пен ақпараттың вирустардан, рұқсатсыз пайдаланудан, зақымдардан, жоғалудан, дұрыс пайдаланбаудан немесе ұрланудан қорғау үшін мұғаліммен және мектептің басқа қызметкерлерімен біріге жұмыс істеуі керек; оқушылардың барлығы мектептің компьютерлік жүйесін заң талаптарына сай және әдеппен қолдануы, мобильдік құрылғыларды білім алу мақсатында қолдануы, мектеп ғимаратында фотосурет

немесе видео түсіру үшін мұғалімнің немесе мектеп басшылығының рұқсатын алуы керек;

- сабақтарға дұрыс әрі уақытылы дайын болу; оқушының күнделігін мұғалімге көрсету;
- ауырып мектепке оралғаннан кейін, оқу жоспарын тез арада қуып жету; ол үшін оқушы мұғаліммен келісіп, консультация алуына болады;
- Өздерінің және сыныптастарының денсаулығына зақым келтірмеу; темекі шегуге, алкогольдік ішімдіктер ішуге, зиянды және есірткілік заттар қабылдауға болмайды; мектепте және мектеп ұйымдастырған іс-шараларда қандай да бір есірткілік заттарды ұстауға немесе таратуға болмайды;
- мектепке сабаққа тікелей қатысы жоқ және оқушыларды, сондай-ақ айналадағы адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін қару-жарақ, жарылғыш заттар, пиротехника және соған ұқсас заттарды алып келмеу;
- мектептегі жаттығуларға байланысты орын алған қандай да бір **жарақатты** мұғалімге, сынып жетекшісіне немесе мектептің басқа қызметкеріне **дереу** хабарлау керек; кеш хабарланған жағдайларды мектеп қабылдамайды;
- оқулықтарды, мектеп жабдықтарын және мектеп мүлкін күтіп ұстау; мектеп мүлкіне әдейі зақым келтірілгені анықталса, оқушылардың заңды өкілдері қаржылық немесе басқа да жолмен өтемақы төлеуі керек болады;
- Мектепке дұрыс, уақытылы әрі тиісті таза формамен келу, санитарлық ережелерді сақтау, табаны боялмаған аяқ киім кию, спорттық аяқ киімдерді кимеу, әшекейлерді және бас киімдерді киім шешетін бөлмеге қалдыру, **нәсілдік дискриминацияны насихаттайтын, қауіп төндіретін немесе экстремистік әрекеттерге итермелейтін киім мен аксессуарларды кимеу;**
- таңертеңгі және түстен кейінгі сабақтар кезінде рұқсатсыз мектеп ғимаратында қалу; оқушылар мектепте мұғалімдердің рұқсатымен ғана және олардың қадағалауымен ғана қалады;
- оқушы немесе студент мектептің немесе мектеп жанындағы орталықтың қызметкерлеріне сөзбен немесе физикалық шабуыл жасаса, осы заң аясындағы міндеттерді өрескел бұзу деп есептеледі. Егер қандай да бір оқушы немесе студент осындай әрекетке баратын болса, мектеп басшысы немесе мектеп директоры балалардың заңды және әлеуметтік құқығын қорғау органдарына (кәмелет жасқа толмаған болса) немесе прокуратураға (ересек адам болған жағдайда) дереу хабарлауы керек;

Осы ережелерде көрсетілген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, ережелерді бұзу өрескелдігіне қарай оқушыға мынадай шаралар қолданылуы мүмкін: сынып жетекшісінің ескертуі (СТА), сынып жетекшісінің сөгісі (СТР), мектеп директорының сөгісі (HR). Бұндай шаралар бір тоқсанда бірнеше рет қолданылуы мүмкін. Мектеп оқушыға және оның заңды өкіліне ескерту немесе сөгіс алғандығы туралы және оның себептерін дереу хабарлап, оны мектептің құжаттамасына тіркеуі керек. Марапаттауға қатысты ережелер, сондай-ақ ескерту және сөгіс беру туралы ережелер Классификациялық ережелердің қосымшасы ретінде Мектеп ережелерінің бір бөлігі болып табылады.

2. Заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері

Заңды өкілдер – мектептің білім беру жұмысындағы серістесі. Оның орнын ешкім баса алмайды және ол өзінің баласына қатысты барлық деректен хабардар болып отыруы керек.

Заңды өкілдердің құқығы:

- өз балалары үшін мектеп таңдау;
- баласының алған білімінің жетістігі және нәтижелері туралы ақпарат алу;
- ақпаратты еркін пайдалану туралы № 106/1999 заңға сәйкес мектеп туралы ақпарат алу;
- Білім беру заңының аясында білім беруге қатысты сұрақтар бойынша мектептен немесе мектептің консультациялық орталығынан тиісті ақпарат алу;
- білім беру процесі туралы сұрақтар мен ұсыныстар бойынша мұғалімдер мен мектеп директорларына жүгіну;
- балаларының істеріне қатысты шығарылған шешімдер бойынша өз көзқарастарын білдіру; заңды өкілдің көзқарасына тиісті мән берілуі керек;
- мектеп кеңесіне дауыс беру және сайлану;
- баланы сабақтан сұрап алу немесе сабақтан жіберуді сұрау; ол үшін заңды өкіл алдын ала жазбаша өтініш жазуы керек; сынып жетекшісі баланы бір күнге жібере алады, бірнеше күнге сұранатын болса, мектеп директорына немесе ол жоқ болса, оқу ісі жөніндегі орынбасарына жүгіну керек;
- оқушының қайта сынақтан өтуіне өтініш жазу;

Заңды өкілдердің міндеттері:

- Оқушының мектепке немесе мектеп жанындағы орталықтарға ұдайы баруын қадағалау; әсіресе мектепке және мектептегі іс-шараларға уақытылы келуін, оларға дайындалуын, ауырып немесе уланып қалмауын қадағалау;
- Білім беру туралы № 561/2004 заңның 28(2) және (3) бөліміне сәйкес мектеп кітабына қажетті деректерді, сонымен қатар баланың білім алуына немесе қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті маңызды деректерді хабарлау және сол деректердегі өзгерістерді уақытылы хабарлау;
- мектеп директоры немесе басқа мұғалімдер сұраған жағдайда, баланың білім алуына қатысты маңызды мәселелер туындаса, оны талқылау үшін мектепке келу;
- мектепке баланың денсаулығы, денсаулығына қатысты проблемалар және білім алуына және қауіпсіздігіне кері әсер ететін басқа фактілер туралы ақпарат беру;
- Жүзу, шаңғы тебу, экскурсиялар, сапарлар, сыртта сабақ өту сияқты мектептің білім беру жаттығуларына қатысу үшін баланың денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру;
- баланың сабаққа келмеу себебін сабаққа келмеген күннен бастап үш күннің ішінде бетпе-бет, телефон, электрондық пошта, арқылы хабарлау;
- мектеп директоры талап еткен жағдайда, баланың сабаққа келмеу себебін баланың күнделігіне жазып түсіндіру;
- мектепке кірген кезде, мектепке хабарлау (ата-ана мен мұғалім кездесетін болса, консультациялық күндерде немесе мектеп ұйымдастырған басқа шараларда бұл міндеттемеге тыйым салынады).

1. 9. 20..

Мектеп директоры